

## Реквизицияланатын мұлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қыркүйектегі № 1011 Қаулысы.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 207-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Реквизицияланатын мұлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 3 қыркүйектегі  
№ 1011 қаулысымен  
бекітілген

## Реквизицияланатын мұлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау қағидасы

1. Осы Қағида "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 207-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және реквизицияланатын мұлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау тәртібін белгілейді.

2. Реквизицияланатын мұліктің құнын Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заннамасына сәйкес бағалаушы айқындайды.

3. Бағалаушыны реквизициялауды жүргізетін уәкілетті орган айқындайды.

4. Бағалау жүргізу үшін негіздеме Қазақстан Республикасының азаматтық зандамасына сәйкес бағалаушы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арасында жасалған бағалау жүргізуге арналған шарт болып табылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.**

5. Бағалау нәтижелерін реквизициялауды жүргізу кезінде соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде жергілікті атқарушы органдар, соғыс уақытында - Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, ал жауынгерлік іс қимылдар жүргізген кездегі ерекше жағдайларда – реквизициялауды жүзеге асыратын әскери бөлімдердің командирлері бекітеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.**

6. Реквизицияланатын мұлікті бағалауды меншік иесі немесе оның уәкілетті өкілі сот тәртібімен даулауы мүмкін.

7. Реквизицияланатын мұліктің құнын өтеу мөлшерін осы Қағидаға сәйкес жүргізілген бағалау нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, жергілікті атқарушы органдар және әскери бөлімдердің командирлері айқындайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК